Өнер – шығармашылықсыз көрініс емес, немесе көрініссіз шығармашылық емес, ол біртұтас шығармашылық көрініс. Шығармашылық көріністі кез келген өнердің саласынан дәл табамыз. Бірақ бізді қызықтырар ол емес, осы шығармашылық көріністе қалыптасатын форма мен мазмұн түсінігі.

Осыған байланысты, мақаланың

негізгі мақсаты: форма мен мазмұнды біріншіден жан-жақты зерттеп, олардың негізін қалау, екіншіден осы екі терминнің қаншалықты бір-бірімен түйіндесіп, бірлесе кездесуін анықтау, яғни тек мұнда бейнелеу өнерінің күрделі бір түрі кескіндеме негізінде қарастырып көрелік.

Форма мен мазмұн ертеректе көптеген ғалымдармен зерттеліп келе жатқаны баршамызға аян. Соған байланысты, мазмұнның жоқ дегенде төрт мағынасы, форманың болса, он түрлі мағынасы бар екен. Бірақ олардың барлығы өнерге қатысы жоқ. Өйткені философияда, эстетикада, өнертану сияқты ғылым салалары бойынша форма мен мазмұн, өзінің ғылыми сипатын табады. Басқа мағыналары болса, қысқара түседі. Дегенмен форма мен мазмұн көп мағыналы сөздер қатарында қала береді.

Форма мен мазмұнға нақты теориялық анықтама беру үшін олардың бір-бірімен тығыз байланысын, яғни дихтономиялық қасиетін және өзара ажыратылуын қарастыру абзал. Өйткені, форма мен мазмұнның өзіне ғана тән нақты ерекшеліктері жоқ. Айтарлық тарихи деректер бойынша Гегель: «Форма мазмұнның формаға айналуы немесе мазмұн форманың мазмұнға айналуы» деп түсіндіреді [1]. Практикада бұл екі терминді қолдану қиынға соқтырады.

Кейбір деректер бойынша мазмұн мен форма арасында ешбір айырмашылық жоқ және де олар бір мағына негізінде қалыптасады деген тұжырым бар. Олай болса неліктен біз форма мен мазмұнды бір терминмен түсіндірмейміз? Яғни берілген тұжырым дұрыс емес. Бұны дәлелдеу үшін алдымен әрқайсысына тән қасиеттерді анықтап, шығарманы талдау кезінде жеке сипаттап көру абзал.

Жалпы, форма – дегеніміз (лат. тілі *forma*) пішін, сыртқы пішін көрінісі. Оны бірнеше пункттер арқылы қарастыруға болады. Біріншіден шартты кескіндемедегі немесе бастырмадағы силуэт. Дегенмен жеке пішіндерде форма өзінің бастапқы мағынасына ие болады. Кескіндемедегі

шығармаларда – жағыс, мүсіндік шығармаларда – сомдау деп бейнеленген нұсқаның пішіндік форма мағынасында пайдаланады. Екіншіден форма кең мағынада шығарма мазмұнының көркемдік шешім тәсілі. Үшіншіден форма жай тілмен айтқанда қалып [2,105 б].

В.Г. Белинский форманың рөлін мазмұнды шынайы жеткізе білуімен оның көрерменге тигізетін тиімді әсерімен байланыстырады. «Өнердегі форма» дейді М.И. Калинин, «адамның ойы мен ішкі дүниесіне толы көңіл күйінің сыртқы материалды көрінісі» [3, 210 б]. Бұл берілген тұжырымдармен келісуге болады, себебі шығармада көркем форма – сызық, контур, перспектива, бояу түстері, жарық арқылы қалыптасып, материалдық көрініс береді.

Тарихи жағынан форма ерте дамыды. Аристотель «форма мазмұн рөлін атқарған, мазмұн болса ол жаңа категория есебінде, жаңа гносеологияға сүйене пайда болған» – дейді [4].

Жалпы форманың құрылу фундаменті үш негізден тұрады олар: сурет, колорит (бояу түстері және жарық-көлеңке), композиция. Осылардың біреуі ғана кез келген шығарманың көркем формасын құрайтын басты акценті болып табылады және де оған шығарманың барлық ауыртпалығы түседі. Кескіндемеде атқарушы рөлді бояу түстері атқарады. Мысалы: көркем форманың негізін құрайтын бояу шығармада белсенділігін арттырып, негізгі мазмұнның жеке дара құраушысы болып қалады. Форма құру принциптерінің қалыптасуы, кезеңдерге сәйкес кескіндемеде әртүрлі болды. XVI ғасырда форманы құру принципі сурет болса, XVII ғасырда колорит артады да, XIX ғасырда өз белсенділігін шыңға көтереді. Бұған дәлел форманы құрушы құрал ретінде дара тұлғалардың бірі Леонардо да Винчи суретті пайдаланса, колориттің жан-жақты қырсырын зерттеп, арттырған Тициан, ал жарық пен көлеңкеге көп көңіл бөлген Микеланджело болса керек.

Қарапайым және түсінікті форма мазмұнға толы көркем шығарманы дүниеге алып келеді. Бұдан мазмұн деген терминді түсіндіріп кетсек, мазмұн дегеніміз- объективті шынайы өмірдің, қоғамдық және табиғи көрінісінің сипаты. Сонымен қатар мазмұн дегеніміз белгілі көріністің негізі, қосымша, жалпы элементтермен соған қатысты процестердің бірлестігі. Мазмұн бұл – бүкіл ішкі, сыртқы, болымды, болымсыздан тұратын жиын. Осыған сәйкес мазмұнды екі түрде қарастыруға болады. Біріншісі: негізгі мазмұн, ол шығарманың нақты спецификасын қарастырады. Екіншісі: көлемді (объем) мазмұн. Көлемді мазмұн мазмұнның жан-жақтылығын, шынайы ортаның біртұтастылығын көрсетеді. Мазмұн форманың ішкі дүниесінің сипаты деп білсек те болады. Мысалы: Қазақстан кәсіби бейнелеу өнерінің қалыптасу кезеңінде белсенді жұмыс істеп, еңбегін сіңірген қазақ суретшісі Гульфарус Исмаилованың «Қыз жібек рөліндегі Күләш Байсейтованың портреті» атты туындыға назар аударсақ, терең мазмұнды көріністі көруге болады. Күләш Байсейтова баршаға мәлім әнші, актриса. Оның образы бүгінгі күнге дейін көптеген суретшілер назарында.

Г.М. Исмаилова картинасы көлеміне қарай өте ауқымды, оның композициясы тікелей сахна көрінісімен байланысты. Суретшінің шеберлігінен Күләш образы сымбатты, әсем қазақ қызын бейнелейді. Мазмұны жағынан шығарма халқымызға тараған «Қыз жібек» оқиғасымен сипаттала отырып, реалистік формалар арқылы құралған. Ал, реализм формасы әрдайым терең көркем мазмұнға толы болады. Өйткені форманың негізгі мақсаты шығарманың мазмұнын ашу, көрермеге түсінікті етіп жеткізу, кескіндемеде қалыптасқан канондарды қолдана білу және т.б.

Реализмде форма арқылы суретші, өз идеясы мен мазмұнын нақты да түсінікті етіп жеткізеді. Мазмұнның мәнісін ашқан кезде форма пайда болады. Сол

себептен форма мен мазмұн әрдайым бірлесіп кенеп үстінде орнын табады. Егер де картина мазмұнсыз болса, форма өзінің негізгі құнын жоғалтады. Өнер теоретигі Б.Г.Реизов өз кезінде мынадай қорытындыға келген: «Форма мен мазмұн» көркем шығармада бөлінбейді, мейлі абстракциялық туынды болсын» деген екен. Мұнымен келісуге болады, өйткені абстракцияның да өзі мазмұнымен мағынасына ие болады. Тек мүсін жай ғана адам тұлғасының көрінісі болса ғана форма мазмұнды қажет етпейді.

Форма мен мазмұн бірлестігін тағы былай дәлелеуге болады. Кез келген шығарма мазмұны сюжетпен және кейіпкердің психологиялық сипатымен шектелмейді. Өйткені, эмоционалды-мазмұнды мән құрайтын басты нәрсе – «форма». Көркем туындының жалпы көрінісін құрайтын элементтердің біртұтас композициялық жүйесін «форма» түсінігімен байланыстыруға болады, ал оның мән-жайын, сыр-сипатын түсіндіретін міндетті түрде мазмұн деп білеміз. Бірақ қандай да мазмұн мен форма бірлігі болмасын форма өзінің жеке меншігін, тәуелсіздігін сақтай алады.

Мазмұн мен форманың қарым-қатынасы тікелей олардың шығармада түйіндесуі мен бірлігі арқылы туады. Олардың ажырамас біртұтастылығы форманың мазмұнсыз, мазмұнның формасыз жеке дара болмайтындығының негізінде жатыр. Жеке дара форма, не мазмұнның кездесу түбінде болымсыз туынды, керексіз шығарма жатыр. Кейде форма мазмұнға, мазмұн форма элементтеріне сәйкес келмейді, дегенмен көп жағдайда мазмұн форма арқылы көрінісін табады. Ол әрине олардың бірлестік күшіне, біртұтастылығына байланысты. Осы бірлестіктің арқасында мазмұн мазмұн болып, форма форма болып қарастырылады.

Белгілі орыс жазушысы мен ойшылы В.Г.Белинский жақсы айтқан еді: «форма мазмұнның көрінісі болғандықтан, екеуі бір-бірімен тығыз байланысты, ал

форманы мазмұннан бөлу – шығарманың мазмұнына нүкте қою болғаны, және керісінше мазмұнды формадан бөлу, яғни форманы құрту, жою»[ 5,76 б].

Композициядағы абстрактілі құрылым ол форма емес. Өйткені абстракция өзінің пайда болғанға дейінгі қалыптасқан форманың заңдылығын ұстанған жоқ. Сондықтан қалыптасқан жаңа форма мазмұнды жоққа шығарады. Сол себептен, шығарманың мазмұны бұзылады. Мұндай жағдайда формаға мазмұн тарапынан соққы тиеді, өзінің мазмұндық жолын таппаған форма шығарманы керексіз, мазмұнсыз хаосқа алып келеді [6,92 б]. Мазмұн мен форманың бірлігінің негізінде суретші ойы жатыр, ол тоқтаусыз формадан мазмұнға, мазмұннан формаға ауысады. Бұл арпалыс процесінде көркем шығарма дүниеге келеді. Мазмұны толықталады және шығармашылық процесі кезінде формаға айналады. Бұл бірлік арқылы мазмұнды форма, форманы мазмұн ретінде сипаттаймыз. Форманы айтып келіп, мазмұнды талдау және керісінше әрекеттену, әрбір шығарманы толығымен танып, білуге алып келеді. Форма мен мазмұнның бұзылуын модернистік ағымнан байқауға болады. Онда суретшілер қалыптасқан көркем мазмұннан бас тартып, үйреншікті реалистік көркем форманы бұзады. Мұндай жағдайда шығарма әрдайым бітпеген көрініс береді.

Мазмұн мен форма бірлігінің бір негізгі принципі ол форманың өзіне тән тілі арқылы пайда болады да, табиғатына сәйкес көркем шығармаға мазмұн береді. Өткені, формаға қарағанда, мазмұн тілді пайдалана алмайды. Мысалы: кескіндемеде бояу форманы құрайтын тіл бола тұра түгелімен форманы дүниеге алып келе алмайды. Оған бояудың түстік бірлестігі, үйлесімі, тәртібі әсер етеді. Осылай форма ерекше бірлестік болып суреттегі мазмұнды дайындайды, оның құрылымына жағдай жасайды.

Форма мен мазмұнның құрылым процесі өзінің ұжымдық бірлігінің

есебінде пайда болады. Мұнда форма өзіне тән қасиеттерін атқару арқылы мазмұн ерекшелігінің функциясы болып табылса, мазмұн бүкіл ішкі процестерін жүзеге асыра отырып, шығарманың практикалық мүмкіндігін шексіз етеді.

Берілген теорияны қорыта келе, форма жан-жақты құрылымына байланысты кез келген бейнелеу өнерінде кездеседі де, білгілі мазмұнның өзіндік функциясын құрайды. Осылайша форма мен мазмұн суретшілер тарапынан өзгеріске ұшырай отырып, шексіз бейнелеу өнер тарихында жаңа ағым, жаңашыл стиль енгізеді.

Генрих Вельфлин (1864–1945жж.) – формалды талдаудың негізгі өкілі, өнертануда классикалық формалды әдісті құрған. Вельфлиннің ұраны: «Форманы зерттеу, тек форманы және формадан басқа ештеңе емес» – деген екен [7, 270 б.] Вельфлиннің сұрағы: «Форманы қарастырған кезде мазмұнды қарастыруға бола ма?» «Жоқ» - дейді зерттеуші формалист. Өйткені форманың өзінің эволюциясы бар, мүлде мазмұн мен байланысы жоқ деген тұжырым жасаған. Солай тұра форма дүниетаным, олар екеуі біртұтас балқыма, реалдылықта бір нәрсені екеуі бірге көрсетеді, абстракцияда ғана екеуі бөлінеді. Автор бұл жерде екі қарсы теорияны қарастырып тұр.

Өнер формасы міндетті түрде көптеген мазмұндық сипаттың әсерінен пайда болады, оған уақыт, ғасыр мінезі, идеология, және т.б. факторлар әсер етеді. Кейбір кезде форма пайда болу заңдылықтардан тыс шығады. Кез келген бейнелеу өнері түрін алатын болсақ, қандайда бір форма белгілерін көре аламыз.

Ал осы бейнелеу өнеріндегі форманың көркем образ белгілерін қарастыра отырып «образ» деген терминге анықтама беретін болсақ, «образ» - өнердегі мазмұн ретінде, белгілі бір көзқарасты, ортаны қабылдауды қалыптастырады. Шығармада ол айқын көрінбегенімен нақты жанрда жиі кездеседі. Айтарлық пейзаж, портрет, натюрморт т.б. Образ анықтамасына сәйкес көркем мазмұн

ретінде суретшілер тақырыптары шектеулерден тыс шығарады. Сонымен қатар, адамның ішкі ой өрісін ашады да, психологиялық тұрғыда авторлық позицияны жан-жақты түсіндіре біледі. Осылайша жеке тұлғаның әлемге, әдемілікке баулу, оның қасиеттерін ашып қалыптастыру алдыңғы қатарда тұрады.

Суретші өзінің түсініктерін образға айналдыруы қажет. Неге десек, берілген формалар арқылы, идеялық проблемалардың шабытын басу үшін.

Образды өнерді қабылдау үшін суретші еркін түрде көрерменді қызықтыра отырып формаларды дүниеге алып келуі керек. Осыдан форманың ерекше маңыздылығы туады. Көркем образды әртүрлі деңгейде түсінуге болады. Мысалы, әдебиетте қарапайым түрде мифологиялық образдарға мән беру, орынды формалар арқылы келтіре білу, ал кескіндемеде тұрмыстық реализмнен бас тарту, яғни белсенді фантастикаға бас бұра отырып, кенепке символиканы енгізу. Сол арқылы көркем экспрессивті көркем көрініске итермелеу. Образды формалар қажетті көріністерді жаттап қалу мен оларға сүйене отырып, идеяны оятуға әкеп соқтырады.

Форма жалпы образдың екінші горизонт сызығы десе қателеспейміз. Ол адамның қоршаған әлемге деген түсінігін бейнелейді. Образдың бір ғана даму сызығы объектив, мазмұнды бастауды қалыптастырады. Бірақ барлық шынайы ситуациялардан шыққан форма образбен бірігіп, табиғи негізделген арнайы образды формалар дүниеге алып келеді.

Жалпы форма деген терминге тоқталып кетсек, көптеген гноологиялық сұрақтар туады. Соның бірі: «Қандай түрде форма туады?» Ал, өте қиын мәселе, жаңа форманың шығармашылықта туылуы. Бұл проблема бүкіл өнер түрлерінде де қатысты, және әрбір суретшінің ішкі дүниесінің түкпірінде жатыр. Оны білу үшін суретшінің шығармашылығын жеке тұлға ретінде қарастыру тиімді. Себебі форманың тууы индивид ішіндегі өнерге

деген ізденістер арқылы дүниеге келеді.

Қазақ дәстүрлі өнер шығармаларында форманың, бояу түсінің, материалдың, және т.б. терең мазмұндық мәнге ие болуы немесе суретшілердің оларды сауатты пайдалана білуі арқылы композицияның астарлы мағынасын, айтылатын ойының басты идеясын күшейту көркем шығарманың табиғи сипатын арттыра түседі және де дәстүрлі шығарманың мүмкіндіктері реализм шеңберіне сия бермейді. Екеуінің міндеті де екі түрлі. «Реализм көзге көрініп тұрған нұсқаны бейнелейді, ал халықтық өнерде таңбалар, ою өрнектер мазмұндық мәнге және эмоциялы сезімге ие» деген екен танымал өнертанушы Б.К. Байжігітов [8,15 б.].

### Қорытынды

Қорыта келе, бейнелеу өнерінің қоғамдық саналардан айырмашылығы сол, ол өмірді көркем образ арқылы көрсетеді. Мысалы, ғылым мен өнердің бір-бірінен өзгешелігін оның мазмұнынан емес, формасы арқылы біле аламыз.

Біз терминді өз мағынасында қолданбағандықтан жаңсақ ұғымдарға жол беріліп келеді. Мысалы, «мазмұн» деген термин көбіне сюжеттің орнына ауысып, екеуі бір мағынада қолданыла беретіні жиі байқалады. Екі терминді шатастырмау үшін кейде «сюжеттік мазмұн», идеялық мазмұн деп әркім өзінше атайды.

Л.И. Тимофеев кітабында [9] форма дегеніміз образдар (яғни көркем образдар) делінген. М.Б. Шепилова көркем шығармалардағы көрінген кейіпкерлердің өмірі – мазмұнның көркем формасы болады дейді. Бұл екі пікірдің екеуі де жалпы бір арнаға құяды. Ал, қайсыбір еңбектерде көркем шығарманың көркем формасы дегеніміз, мазмұнды терең айқындаушы, түсінікті етуші әдеби, көркем композициялық «құралдар», яғни көркем шығарманың техникалық жақтары деп танимыз.

Мазмұн белгілі бір форма арқылы көрінсе, форма белгілі бір мазмұнды жарыққа шығаратын, оны жұршылыққа түсінікті етіп, айқын жеткізуі деп білеміз.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Гегель Г.В. Лекции по эстетике. – Сочинения – Т.12 – М.: Гос. соц.-эк. изд., 1938.
2. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы сурет үлгілері. – Алматы: Ғылым-Өлке, 1998. – 250с.,
3. Ванслов В. Содержание и форма в искусстве. – М.,1956. – 360 с.
4. Аристотель. *Сочинения* – Т. 1–4. – М., 1976–1984.
5. Горанов К. Содержание и форма в искусстве. – М., 1962. – 301 с.
6. Горанов К. Художественный образ и его историческая жизнь. – М.,1970. – 290 с.
7. Арсланов В.Г. История западного искусствознания XX века: учебное пособие для вузов. – М.: Академический проект, 2003. – 768 с.
8. Байжігітов Б. Атырау нақыштары: альбом.– Алматы: Өлке, 1999. – 129 б.
9. Тимофеев Л.И. Теория литературы и фольклора. – М., 1950. – 116 с.

**REFERENCES**

1. Hegel G.V. Lectures on aesthetics. Collection of works. Vol. XII. – Moscow, State Socio-Economic Publishing House, 1938.
2. Bayzhigitov B.K. Philosophical issues of Visual Arts: photo models in the Beat of space and time. – Almaty: Science-Edge, 1998, 250 p.
3. Vanslov V. Content and form in art. – Moscow, 1956, 360 p.
4. Aristotle. *Collection of works*. –Vol. 1–4. – Moscow, 1976–1984.
5. Goranov K. Content and form in art. - Moscow, 1962, 301 p.
6. Goranov K. Artistic image and its historical life. – Moscow, 1970, 290 p.
7. Arslanov V.G. History of Western Art History of the XX century: Textbook for higher school. – Moscow: Academic Project, 2003, 768 p.
8. Bayzhigitov B. Ornaments of Atyrau: album.– Almaty: Olke, 1999, 129 p.
9. Timofev L.I. Theory of literature and folklore. – Moscow, 1950, 116.

**АЛМАНБЕТОВ К.Н. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЕДИНСТВА ФОРМЫ И СОДЕРЖАНИЯ В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ**

В статье приводятся определения таких терминов, как форма и содержание, а также рассматривается культура соблюдения единства формы и содержания в произведениях изобразительного искусства. Автор предлагает глубокий и всесторонний анализ научных трудов известных отечественных и зарубежных ученых, рассматривающих вопросы единства формы и содержания в качестве одного из важнейших принципов художественного творчества. На примере произведений художников Казахстана он показывает, что единство формы и содержания присуще внутреннему бытию художественного произведения. Некоторые ученые считают, что форма и содержание художественного произведения очень плотно взаимосвязаны между собой и не могут существовать отдельно друг от друга, а поэтому их можно рассматривать как единое целое. Содержание можно увидеть через форму, а форма определяет содержание, т.е. форма, выражая содержание, делает его понятным для восприятия.

*Ключевые слова:* форма, содержание, художественный, изобразительное, образ, стиль, модернизм.

*ALMANBETOV K.N. SOME QUESTIONS OF THE UNITY OF FORM AND CONTENT IN WORKS OF ART*

The article defines such notions as “form” and “content” and considers the culture of providing the form and content in works of visual art. The author analyses in details the scientific works of the known domestic and foreign scientists, as well as studies the culture of providing the form and content in works of visual art of Kazakhstani painters. The internal being of any kind of phenomena tends to the unity of form and content. Any phenomenon of the world is scientifically proven in the unity of form and content. Some scientists believe that the form and content of a work of art are very closely related, and cannot exist one without the other, as well as can be considered as one. The form can manifest the content and defines the content. The form materializes the content making it clear for the public.

*Keywords:* form, content, art, visual, image, style, modernism.

УДК 37:001.4

**УЧЕБНЫЙ МНОГОЯЗЫЧНЫЙ ТОЛКОВЫЙ СЛОВАРЬ ГЛАГОЛОВ  
РУССКОГО ЯЗЫКА НА МАТЕРИАЛЕ ДИСЦИПЛИН  
ИНЖЕНЕРНОГО ПРОФИЛЯ**

**З.И. ГИРИЧ**

*В статье на основе анализа теории и практики составления различных словарей Украины, в том числе и для национального контингента обучаемых, предложен учебный многоязычный толковый словарь глаголов русского языка на материале дисциплин инженерного профиля. Структура учебного многоязычного толкового словаря глаголов русского языка представляет собой таблицу, состоящую из 5 разделов.*

*Раздел «Существительные» этого словаря имеет перевод отглагольных существительных с помощью описательного оборота и грамматическую характеристику терминов. Описательный оборот дан на туркменском, азербайджанском и узбекском языках. В словаре сохраняется алфавитный порядок расположения глаголов. На практических занятиях по русскому языку его целесообразно использовать как учебное пособие для совершенствования профессиональной русской речи иностранных тюркоязычных студентов инженерного профиля.*

*Ключевые слова:* учебный толковый словарь, тюркоязычные студенты, инженерный профиль.

**Введение**

В настоящее время наиболее представительным контингентом иностранных студентов, обучающихся в вузах инженерного профиля Украины, являются учащиеся из тюркоязычных стран: Туркменистана, Узбекистана, Азербайджана и др. Эти учащиеся изучали русский язык в национальных общеобразовательных учебных заведениях и поступают на 1-й курс вуза, минуя обучение на подготовительных факультетах. В процессе профессионального обучения

тюркоязычных студентов, особенно на первом курсе вуза инженерного профиля, необходимо учитывать их слабую языковую и предметную подготовку; в основном, у них бедный словарный запас на родном языке. Эти студенты испытывают значительные трудности в говорении и аудировании лекций по специальности.

Современная методика обучения русскому языку как неродному включает в систему средств обучения, используемых в учебном процессе в вузах инженерного профиля, учебные словари. Обучение

русской лексике с помощью учебного терминологического словаря активного типа как обязательного компонента профильного комплекса будет способствовать развитию языковой и речевой компетенции иностранных тюркоязычных студентов инженерного профиля, скорейшему приобщению к языку их будущей специальности.

### **Основная часть**

Терминологическая лексика в отличие от других категорий слов языка имеет свою специфику. Проблемам лингвистического изучения терминосистемы, лингводидактического осмысления роли терминов в процессе обучения, методических подходов к созданию словарей-минимумов терминологической лексики посвящен ряд исследований (П.М. Алексеев, О.С. Ахманова, Н.Д. Арутюнова, Е.Бжозонь, С.И. Богомолова, Н.В. Васильева, Н.П. Ветлов, М.Н. Володина, Б.Н. Головин, В.П. Даниленко, Е.Ю. Долматовская, В.А. Ицкович, Л.К. Латышев, Д.С. Лотте, Р.К. Миньяр-Белоручев, Р.Г. Пиотровский, А.А. Реформатский, С.Т. Семенова, Г.М. Стрелковский, А.В. Суперанская, А.П. Флоренский, Н.Н. Хотяновская и др.). В этих работах «рассмотрению подлежала когнитивно-информационная сущность термина, выявлены проблемы подязыков и терминологических полей, определены критерии оценки терминов, разработаны теоретические основы и единицы отбора терминологической лексики, разработана методика работы с лексикой терминологического характера, рассмотрены вопросы рациональной типологии терминов»[1, с. 3].

Однако в настоящее время остро стоит задача составления различных учебных словарей для национального контингента учащихся, в первую очередь комплексных и аспектных словарей активного типа [3]. В связи с этим, следует отметить неразработанность теории переводной терминологической лексикографии. Усложняет задачу составления словарей отсутствие

русско-тюркских общелексических переводных словарей, переводящих общую лексику с одного языка на другой, на латинской графической основе, а также отсутствие научных, научно-технических и технических переводных словарей с русского языка на один из тюркских языков. Словари последней группы могут быть дву- и многоязычными словарями, причем многоязычность для технических и специализированных переводных словарей более распространена, чем общелексических.

В тюркоязычных республиках ведется работа по составлению толковых, переводных, терминологических и других словарей. Но остаются нерешенными или спорными многие вопросы, касающиеся составления словарей. По этой причине важно учитывать, что несмотря на общность словарного состава языков тюркской семьи и ряд других объединяющих их особенностей и черт, восприятие издающейся на том или ином тюркском языке литературы, особенно научной, затруднено для представителей других тюркоязычных народов, что в определенной мере осложняет научные контакты между представителями одной профессии и не способствует успешному развитию отдельных отраслей науки, на что указывается в специальной лингвистической литературе [4, с. 68]. Кроме того, в тюркских языках еще не вполне устоялись терминологические сферы. Они в значительной степени определяются существованием национально-русского билингвизма и русского одноязычия в ряде сфер. Развитие терминологии в разных тюркских языках наряду с общими моментами отличается спецификой в каждой из республик, поскольку у литературных языков и соответственно у национальных терминологических систем – различные исторические судьбы [5].

Современный этап развития тюркских языков характеризуется высокой степенью разработанности терминологии гуманитарных наук. Исследователи справедливо отмечают, что в силу специфичности

задач, стоящих перед специалистами в области терминологии развивающихся национальных языков, нельзя идти по пути простого копирования наработок других языков. Проблемы тюркской терминологии имеют свою специфику по сравнению с русской. При этом терминология науки и техники занимает незначительное место, поскольку оригинальной научной и технической литературы на тюркских языках публикуется мало [5, с. 19]. Изложенное выше значительно усложняет создание учебных терминологических словарей для тюркоязычных студентов.

Целью статьи является рассмотрение структуры учебного многоязычного толкового словаря глаголов русского языка на материале дисциплин инженерного профиля для совершенствования профессиональной русской речи иностранных тюркоязычных студентов инженерного профиля.

Обратимся к исследованиям по созданию учебных терминологических словарей. В исследовании Г.М. Ходжиматовой [3] проанализированы толково-сочетаемый словарь терминов, толковые словари терминов, учебный словообразовательно-гнездовой словарь, двуязычный (переводной) терминологический словарь, отмечены их достоинства, методическая ценность и недостатки. На основе проведенного анализа автором предложен толковый двуязычный русско-таджикский терминологический словарь, направленный на овладение русской речью с учетом специальности студентов.

Остановимся на рассмотрении особенностей словарной статьи этого учебного толкового двуязычного словаря физической лексики. В структуре его словарной статьи выделяются аспекты или информационно-характерологические данные о термине: 1) заголовок словарной терминологической статьи; 2) грамматическая характеристика термина; 3) толкование термина; 4) перевод термина; 5) иллюстративный материал на двух языках, представляющий собой текст, извлечен-

ный из специальной литературы; 6) этимология.

Учитывая трудности усвоения падежной системы русского языка и категории рода, отсутствующей в родном языке студентов, вслед за Г.М. Ходжиматовой считаем целесообразным дать грамматическую характеристику терминов в словаре, а именно указание на род и число, изменение по падежам, указание на нерегулярные и вариантные формы, например, **движение**, мн., -я, но не движения. Грамматическая характеристика терминов облегчает иностранным тюркоязычным студентам инженерного профиля выработку навыков правильного употребления слов в речи, помогает осуществлять правильный перевод на родной язык, поэтому является необходимым компонентом словарной статьи словаря применительно к национальной аудитории.

Основными средствами семантизации Г.М. Ходжиматова считает толкование и перевод. **Толкование термина** – самая сложная часть словарной статьи любого словаря. Толкованию подлежат однозначные слова-термины, все значения многозначных слов-терминов, термины-сочетания. «В учебном толковом словаре физической лексики толкование слова-термина включает основные признаки соответствующего понятия или предмета, но по форме представляет собой развернутый комментарий» [3, с. 156]. По мнению Г.М. Ходжиматовой, такая формула толкования значения слова-термина наиболее эффективна и приемлема для учебного словаря физической лексики.

Перевод в учебном двуязычном словаре физической лексики является одним из основных способов семантизации. Однако важно учитывать, что перевод как способ семантизации слов возможен только в том случае, если студент знает значение слова в родном языке. В учебном словаре физической терминологии, как отмечает Г.М. Ходжиматова, необходимо переводить не только заголовочное слово, но и сочетаемость терминов, а также иллюстративный

материал в виде предложений, извлеченных из специальной литературы (научной, учебной и т.п.).

Как известно, «с лексической точки зрения при переводе терминов возможны две основные ситуации – когда в языке перевода существуют эквиваленты термина оригинала (переводимого текста), зафиксированные в переводных словарях, и когда такие эквиваленты отсутствуют» [6, с. 241]. Учитывая то, что «многие термины, особенно интернациональные, не переводятся на родной язык» [3, с. 159], а также то, что терминология науки и техники в тюркских языках занимает незначительное место, а следовательно, в тюркских языках будет отсутствовать эквивалент термина оригинала, то тогда при переводе терминов «возможны четыре случая: а) материальное заимствование иноязычного термина с соблюдением определенных правил его транскрибирования или транслитерации и кратким толкованием; б) семантическое калькирование иноязычного термина; в) пословный перевод (структурное калькирование); г) перевод иноязычного термина с помощью описательного оборота» [6, с. 243]. Поэтому в этом случае, в отличие от Г.М. Ходжиматовой, мы считаем, что в словарной статье целесообразно дать перевод иноязычного термина с помощью описательного оборота без перевода заголовочного слова на родной язык студента.

Как известно, по употребительности в различных сферах профессионального общения выделяются общенаучные, межотраслевые и узкоспециальные термины. Нами установлено, что общенаучная и межотраслевая лексика русского языка имеет эквиваленты, например, в туркменском языке. Эти эквиваленты зафиксированы в «Большом русско-туркменском словаре», в котором отмечается, что языки народов Туркменистана «черпают новые термины в основном из русского языка или через него» [7, с. 6]. В этом словаре даны и некоторые узкоспециальные термины.

Итогом проведенных теоретических

и практических исследований Т.В. Васильевой [8] стал «Словарь глаголов русского языка на материале дисциплин инженерного профиля», включающий видовые пары глаголов, отражающий сильное глагольное управление, содержащий все виды причастий и деепричастий, а также основные термины, обслуживающие несколько научных подстилей. Необходимость создания «Словаря глаголов русского языка на материале дисциплин инженерного профиля» вызвана реальными языковыми потребностями иностранных учащихся, возникающими в процессе чтения текстов учебников и записи лекций по специальности, а также при написании курсовых, дипломных и диссертационных работ. Окончательный вариант словаря содержит более 15 900 лексем, из которых видовые пары составили приблизительно 1890 единиц без учета отсылок к видовым парам, причастия – 6570, деепричастия – 3300 и существительные терминологического характера – 2250. Все слова расположены в алфавитном порядке. Глаголы, которых более 3120 единиц, переведены на английский и китайский языки [8, с. 316]. Однако перевод глаголов на английский и китайский языки не дает возможность использовать этот словарь для обучения русскому языку иностранных тюркоязычных студентов инженерного профиля.

Интересен способ размещения лексики «Словаря глаголов ...». Структура словаря представляет собой таблицу, состоящую из 6 разделов («Глаголы», «Вопрос к зависимому слову», «Перевод», «Причастия», «Деепричастия» и «Существительные»), включающих 11 граф. Созданный в процессе работы над «Словарем глаголов ...» банк данных в виде 42 словарей по отдельным дисциплинам и частям речи позволяет дозированно вводить глагольную лексику на каждом этапе обучения русскому языку. Усвоение в течение 3-4 лет изучения русского языка (включая обучение на подготовительном факультете) гарантирует учащимся свободное чтение учебников и понимание устной научной речи [8].

Исходя из вышеизложенного и опираясь на результаты диссертационных исследований по рассматриваемой проблеме, считаем, что для совершенствования профессиональной русской речи иностранных тюркоязычных студентов инженерного профиля необходимо создать на основе «Словаря глаголов ...» учебный многоязычный толковый словарь глаголов русского языка на материале дисциплин инженерного профиля. С этой целью необходимо дополнить раздел «Существительные» этого словаря: 1) переводом отглагольных существительных с помощью описательного оборота; 2) дать грамматическую характеристику терминов в словаре, такую как указание на род и число, изменение по падежам, указание на нерегулярные и варианты формы. Кроме того, так как преподаватели русского языка в вузах Украины не владеют тюркскими языками, целесообразно толкование иноязычного термина в словарной статье и на русском языке. Учитывая неоднородность национальной аудитории, большинство которой составляют студенты из Туркменистана, обучающиеся в вузах инженерного профиля, по нашему мнению, необходимо дать

описательный оборот на туркменском, азербайджанском и узбекском языках. Иллюстративный материал статьи словаря целесообразно представить в виде предложений только на русском языке, так как не все термины русского языка имеют эквиваленты в тюркских языках.

### **Заключение**

Таким образом, структура учебного многоязычного толкового словаря глаголов русского языка на материале дисциплин инженерного профиля будет представлять собой таблицу, состоящую из 5 разделов («Глаголы», «Вопрос к зависимому слову», «Причастия», «Деепричастия» и «Существительные»). Алфавитный порядок расположения глаголов в словаре сохраняется.

На практических занятиях по русскому языку его целесообразно использовать как учебное пособие для совершенствования профессиональной русской речи иностранных тюркоязычных студентов инженерного профиля. Предложенный словарь облегчит студентам чтение и понимание аутентичных научных текстов, слушание и запись лекций по специальным предметам, а также создание собственных научных произведений.

### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Позднякова С.Ю. Когнитивный подход к отбору и организации учебного словаря-минимума узкоспециальных военно-авиационных терминов (немецкий язык, неязыковой вуз): Автореф. дис. ... канд. тех. наук : 13.00.02 / Светлана Юрьевна. – Иркутск, 2005. – 28 с.
2. Иванова С. Семантизация термина в научно-учебном тексте: на материале терминологии радиотехники в русском и французском языках: Дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20 / Иванова Светлана Анатольевна. – Екатеринбург, 2007. – 246 с.
3. Ходжиматова Г.М. Научные основы обучения терминологической лексике русского языка в неязыковом вузе: Дис. доктора пед наук: 13.00.02/ Ходжиматова Гулчехра Масаидовна. – Душанбе, 2011. – 322 с.
4. Зейналов Ф.Р. О необходимости создания сравнительного словаря лингвистических терминов тюркских языков // Советская тюркология. – 1973. – № 4. – С. 68 – 71.
5. Мусаев К.М. Проблемы формирования и развития терминологии на языке народов Российской Федерации // Формирование терминологии на титульных языках республик Российской Федерации и СНГ. – М.: Изд-во Институт языкознания РАН, 2000. – С. 7–34.

6. Гринев-Гриневиц С.В. Терминоведение : Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / С.В. Гринев-Гриневиц. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 304 с.
7. Большой русско-туркменский словарь: В 2 т. / АН ТССР, Ин-т яз. и лит. им. Махтумкули; под ред. Б. Чарыярова, С. Алтаева. – М.: Русский язык, 1986. – 2 т.
8. Васильева Т. Лингводидактическое описание синтаксических и глагольных доминант подязыков дисциплин инженерного профиля: Дис. ... д-ра пед. наук : 13.00.02 / Васильева Татьяна Викторовна. – М., 2006. – 394 с.

## REFERENCES

1. Pozdnyakova S.Yu. The cognitive approach to the selection and organization of learner's dictionary with the minimum of highly specialized military aviation terms (German language, non-language higher school): Synopsis of Candidate Thesis in Engineering Sciences: 13.00.02 / Pozdnyakova Svetlana Yuryevna. – Irkutsk, 2005. 28 p.
2. Ivanova S. Semantization of terms in scientific and educational texts: on the material of radio engineering terms in Russian and French: Candidate Thesis in Philology: 10.02.20 / Ivanova Svetlana Anatolyevna. – Ekaterinburg, 2007, 246 p.
3. Khodzhimatova G.M. Scientific bases of teaching the terminological vocabulary of the Russian language in non-language higher school: Doctoral Thesis in Pedagogy: 13.00.02/ Khodzhimatova Gulchekhra Masaidovna. – Dushanbe, 2011, 322 p.
4. Zeynalov F.R. On the need to create a comparative dictionary of linguistic terms of Turkic languages. – In Soviet Turcology, 1973, № 4, pp. 68–71.
5. Musayev K.M. Problems of formation and development of terminology in the language of the peoples of the Russian Federation. – In Formation of terminology in the title languages of the republics of the Russian Federation and the CIS. – Moscow: Publishing House of the Language Institute of the Russian Academy of Sciences, 2000, p. 7–34.
6. Grinev-Grinevitch S.V. Terminology: Textbook for higher school / S.V. Grinev-Grinevitch. – Moscow: Academy Publishing Center, 2008. 304 p.
7. Big Russian-Turkmenian Dictionary: in 2 vol. Academy of Science of Turkmen Soviet Socialist Republic, Mkhutumkuli Institute of Languages and Literature; Eds. B. Chariyarov, S. Altayev. – Moscow: Russian Language, 1986, in 2 vol.
8. Vasilieva T. Linguistic and didactic description of the syntax and verbal dominants of sub-languages used in engineering: Doctoral Thesis in Pedagogy: 13.00.02 / Vasilieva Tatyana Viktorovna. – Moscow, 2006, 394 p.

## ГИРИЧ З.И. ИНЖЕНЕРЛІК БЕЙІН ПӘНІ МАТЕРИАЛЫНДАҒЫ ОРЫС ТІЛІ ЕТІСТІКТЕРІНІҢ КӨПТІЛДІ ОҚУ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

Мақалада теориялық және практикалық талдаулар негізінде Украинаның әртүрлі сөздіктерінен құрастырылған, соның ішінде ұлттық құрамда оқытындарға «инженерлік бейін пәні материалындағы орыс тілі етістіктерін қамтыған көптілді оқу түсіндірме сөздігі» ұсынылады. Орыс тілі етістіктерінің көптілді оқу сөздігінің құрылымы 5 тараудан тұратын кесте болып табылады. Бұл сөздіктің «Зат есімдер» тарауында терминдердің грамматикалық сипаты мен сипаттамалы орам тізбектерінің көмегімен зат есімдердің аудармасы орын алған. Сипаттамалы орам тізбегі түрікмен, әзірбайжан және өзбек тілдерінде берілген. Сөздікте етістіктердің орналасуы әліпбилік ретпен сақталған. Практика сабақтарында, орыс тілі бойынша мақсатқа сәйкес, инженерлік бейіндегі шетелдік түркітілді студенттердің орыс тілін кәсіби жетілдіруіне арналған оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

*Кілтті сөздер:* оқу түсіндірме сөздігі, түркітілді студенттер, инженерлік бейін.

# GIRICH Z.I. ACADEMIC MULTILINGUAL DICTIONARY OF RUSSIAN VERBS ON THE MATERIAL OF ENGINEERING DISCIPLINES

The author analysed the theory and practice of preparation of various Ukrainian dictionaries, also for the national students, to offer an academic multilingual dictionary of Russian verbs on the material of engineering disciplines. The dictionary has 5 sections.

The section “Nouns” provides the translation of verbal nouns using descriptive turn and grammatical characteristics of terms. The descriptive turn is given in Turkmenian, Azerbaijan, and Uzbek languages. The verbs in the dictionary are listed in alphabetic order. The dictionary can be useful for practical lessons in Russian to improve the professional Russian speech of foreign Turkic-speaking students of engineering profile.

*Keywords:* learner’s dictionary of terms, Turkic-speaking students, engineering profile.

ӘОЖ 374

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ АКМЕОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Б.А. ТҰРҒЫНБАЕВА**

*Еліміздің дамуының қазіргі кезеңінде қоғамның барлық салаларын, соның ішінде білім алудағы еркін, білімді, шығармашыл ойлай алатын азаматтарды, яғни жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатындағы саяси стратегиялар жүзеге асырылуда. Іс-әрекетке дайындауды қалыптастыру үдерісіне жоғары оқу орнындағы студенттердің әлеуметтік тәрбиесі әсерін тигізеді. Автор мақалада Мақалада болашақ педагогтердің акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың түйінді мәселелері қарастырылған және оларды шешу жолдары сипатталған.*

*Кілтті сөздер:* акмеология, кәсібилік, акмеологиялық амал, акметехнологиялар.

### Кіріспе

Кәсіби әрекетте және өмірдің басқа да салаларында табыс биігіне жетуді мақсат ететін тұлғаны дамыту, бәсекеге қабілетті сапалы адам капиталын құруды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі алдындағы аса жауапты міндет болып табылады. Қазақстанның нарық жағдайындағы адам капиталын қажет ететін қоғамның жаңа сапасына енгендігі, еңбектің ел дәулетін арттыртын бірден-бір жол екендігі Президентіміз Н.Назарбаевтың жариялаған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты Тұжырымдамасында ерекше атап өтілді [1].

Бұл ретте интегративті-кешенді ғылым ретіндегі акмеологияның алар орны ерекше. Акмеология кәсіби дамуды

оңтайландыру жолдарын зерделейді, өзін-өзі барынша толық жүзеге асырудың, кәсібиліктің шыңына жетудің тәсілдерін белсендіре отырып, адамды өзін-өзі кәсіби тұрғыда дамытудың субъектісі ретінде ынталандырудың тәсілдерін жасайды.

### Негізгі бөлім

Акмеология ғылым ретінде психология мен педагогикада жоқ ұғымдар жүйесін құрайды. А.А. Деркачтың пікірінше, «Акмеология – бұл адамның шығармашылық әлеуетінің шыңына қол жеткізудің заңдылықтарын, жолдарын, тәсілдерін, шарттарын және есею кезеңінде іс-әрекет барысында оның өзін-өзі жетілдіруінің амалдарын зерттейтін кіріктірілген ғылым. Акмеология – бұл адам туралы ғылымдар жүйесіндегі ғылыми білімнің және адамның кәсібиліктің шыңына жетудің жаңа саласы» [2].

Акмеология жетілген ересек адамның

дамуын қарастырады. Жетілген тұлғаны жоғарғы жауапкершілік, гуманистік тұрғыдағы әлеуметтік белсенділік пен басқаларға қамқор бола білу, өзін-өзі іске қоса алу сияқты сапалар сипаттайды. Сондықтан жетілудің шыңы АКМЕ – ересек адамның жоғары кәсібилік, тұлғалық және әлеуметтік табыстарға жеткізетін прогрессивті жолмен дамуының белгілі бір кезеңін көрсетеді [3]. Әр адам қайталанбайтын даралық, әрқайсымыздың өз биігіміз, өз олимпіміз бар және оған әр адам өзінше шығады.

Педагогикалық еңбектің акмеологиялық астарларын қарастыру «кемелдену» түсінігінің мәнін ашуды қажет етеді. **Кемелдену** (жетілу) – акмеологиялық категория ретінде мұғалімде: рухани, тұлғалық, кәсіби сияқты 3 бағытта байқалады. Мұғалімнің **рухани кемелденуі** оның даралық және кәсіби жетілгендігінің көрсеткіштерінен байқалады. Мұндағы даралық деп отырғанымыз тұлғаның белсенділігі, өмірлік және кәсіби мәселелерді шешудегі жауапкершілігі, өзінің дамуының жақын аймағын айқындай білуі және даму өрісін кеңейте алуы.

**Рухани жетілу** деген ол – балаға жүрегінің жылуын сыйлау бағытындағы мақсатты жұмыс, ар-ұятпен еңбек ету, өмірдің мәнін сезіндіретін парасаттылық деп түсіндірген болар едік. Рухани жетілу мұғалімнің ішкі мәнін көрсетеді, соған қатысты өзінің мінез-құлқына өзгерістер жасай алуынан байқалады. Рухани жағынан жетілген мұғалімнің философиялық көзқарастары, гуманистік бағыттылығы айқындалып, мәдениеті жоғарылайды, өзін-өзі дамытуға, шығармашылық әлеуетін жетілдіруге деген талпынысы тұрақталады.

Педагогтың **кәсіби кемелденуі** оның шығармашылыққа әзір болуы, тұлғаның кәсіби шеберлігі мен гуманистік бағыттылығы, шеберлікті шыңдауға деген тұрақты мотивтерінің болуымен сипатталады.

**Тұлғалық кемелдену** деңгейі жоғары-

лаған мұғалімнің коммуникативті құзырлылығы, өз ісіне деген жауапкершілігі артып, әрқырлылығы, табандылығы, батылдығы байқалады. Бұл деңгейде ол өзінің дамуының «жақын аймағын» анықтай алады, өзінің даму болашағының құралдары мен жолдарын белгілей біледі.

Адамның еңбекте жетістіктерге жетуі оның маман ретіндегі кәсібилігіне байланысты. Кәсібилік – акмеологияның басты категориясы. Ол жалпы және кәсіптік білім беру барысында қалыптасады десек, мамандықты дұрыс таңдау оның алғышарты болады. Психология ғылымдарының докторы, профессор «акмеологияны» ғылыми терминология ретінде алғаш енгізген Н.А. Рыбников өзінің 1918 жылы жарық көрген «Психология и выбор профессии» атты еңбегінде Ресейдегі сол уақыттағы кәсіби бағыттау жұмыстарына баға бере отырып, мамандық таңдауды таза кездейсоқ жағдай шешетінін, бұл салада бейберекеттіктің орын алып отырғандығынан мектеп бітіруші жастар табысы мол саналатын кез келген іспен айналысуға баратындығын жазған [4].

Ғасырға жуық бұрын айтылған осы пікірдің қазір де көкейкесті екендігін аңғару қиын емес. Жастардың мамандық таңдауына әлі де кездейсоқ жағдайлар себеп болып отырғандығы, олардың барлық материалдық игіліктерді жылдам, тез арада иемденуге қызығушылықтары одан кейінгі сатыда кәсіп иесі ретінде өз орындарын табуға, кедергісін келтіретіндігі анық. Мұндай «маманның» қоғам үшін пайдасы жоқ деуге болады. Бұл тұлғаның өзі үшін де зиян, себебі өз қалаған шаруамен шығармашылық тұрғыда айналыспау құлдықта жүргенмен пара-пар жағдай. Одан келетін психологиялық зардап қаншама? Педагогикалық мамандық саласында да дәл осындай жағдай қалыптасып отыр. Мұғалімдік мамандыққа педагогикалық оқу орынына қабылданғандардың дені ұстаздық қызметті атқаруға құлықсыз, мотивтері жоқ жастар екенін жасыруға болмас.

Олардың көп бөлігі болашақ өмірін мұғалімдікпен (оқытушылықпен) байланыстырмайтын, мұғалімдікті мәртебелі іс санамайтын, оған кездейсоқ келіп амалсыздан оқып жүргендер.

Осының бәрі кезінде балаға үлкендер тарапынан сүйікті іспен айналысуға, еңбек рақатына бөленуге дұрыс бағыт бермеуден орын алады. Бұл тұрғыда мектептер мен жоғары оқу орындарының, жастардың әртүрлі ұйымдарының, отбасының бірлесіп атқаратын шаруалары жеткілікті. Алайда оларды ешкім өз мойындарына алып отырған жоқ.

Маманның кәсіби тұрғыдағы жетілуі және еңбекте жетістіктің шыңына жетуі оның кенеттен, әрі бірден қалыптаса салмайтын полифункционалды жағдайы. Оған индивидтің алдыңғы сатыда алған білімдері мен жинаған тәжірибелері «жұмыс жасайды». Тек солар ғана маманның қандай тұлғалық бағдарлары мен кәсіби қабілеттері, қаншалықты білім қоры мен білік, дағдылары оны жасампаз субъект деңгейіне жетелейтінін көрсетеді. Бұл жастардың жоғары оқу орындарында білім алу уақытында жүзеге асырылатын танымдық әрекеттер.

Еліміздің педагогикалық оқу орындарында оқытылатын психологиялық педагогикалық пәндер циклын, олардың мазмұндық жағын талдау оларда оқытушы еңбегінің мәні мен ерекшеліктерін, шығармашыл оқытушының тұлғасына қойылатын талаптар, оның кәсіби тұрғыда өсіп, педагогикалық шеберлікке жетуінің теориялық заңдылықтары мен дидактикалық жолдарының ұсынылуының жеткіліксіздігін байқатады.

Заман ағымына лайықты маман дайындауда ең алдымен олардың өздерін-өздері дамытуына басымдық беруді көздеу, сол арқылы жеке тұлғаның шығармашылығын, креативтілігін қалыптастыру жоғары оқу орнында мамандарды кәсіби дайындаудың мазмұндық, әдістемелік, технологиялық аймақтарында орын алуы, жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте жоғары кәсіби білім берудің

маңызды бір құраушысы, жеке адам бойындағы қабілеттерді дамытуға әсер ететін белсенді шығармашылық әрекеттің негізі болатын акмеологиялық амалдың психологиялық-педагогикалық маңызы мен мәнділігі артады.

Акмеологиялық амал акмеологиялық мәселелер мен міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін қағидалар, тәсілдер мен әдістер жүйесін құрайды. Оны кәсіби білімге ендіру педагогтің жасампаздық тұрғыдағы дайындығының сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Оның мәні – педагогикалық ықпалды болашақ маманның шығармашылық әлеуетін өзектендіруге, олардың болашақ кәсібіне деген ынтасы мен іс-әрекетте жетістікке жетуге деген түрткіні арттыруға, өзін-өзі жетілдіру мен кәсіби еңбекте табыстылықпен өзін-өзі көрсете алуға ұмтылысын қалыптастыруға, білім мен біліктілігін әрдайым жаңартып тұру мен шығармашылықпен өзін-өзі дамыту қажеттіліктері мен қабілеттерін арттыруға, кәсібиліктің шыңына жетуге бағдарлау, бағыттау болып табылады.

Бұл ретте оқытудың жаңашыл технологияларының алатын орны орасан зор. Олардың кейбірін педагогикадағы шығармашылықты қамтамасыз ететіндігіне, оқытушылардың кәсібиліктің биігіне жетуіне ықпалын есепке алатырып, акме-технологиялар деп атау қабылданған.

Акмеологиялық технологиялардың ерекшеліктері субъектінің оны жасау мен ендіруге деген ішкі талпынысына байланысты. Адамның дамуының жеке тұлғалық өрістері, тіршілік әрекеті мен кәсіби қалыптасуының жолдары мен құралдары технологияландырудың нысаны болып табылады. Кәсіби педагогикалық білім берудегі акмеологиялық технологиялардың негізгі міндеті – адамның сана-сезімінде арнайы тәсілдер мен техника арқылы жеке тұлғалық және кәсіби «Менді» өзіндік өзектендіруге мүмкіндік беретін өзіндік сана-сезім, өзіндік даму мен өзін-өзі таныта алу

қажеттілігін қалыптастыру мен бекіту. Болашақ педагог мамандарды дайындау жүйесінде «ТРИЗ», «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту», «Жобалау», «Педагогикалық шеберхана» және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану олардың акмеологиялық бағыттылығын қалыптастырады. Аталған технологиялар білім алушыға бағытталған парадигмаға қызмет ететіндіктен студенттер, магистранттар мен докторанттардың субъектілігін дамытуға әсері мол. Олар шығармашылықтың «өмір шығармашылығы» деп аталатын жаңа түріне ынталандырады. Оның негізі Жак Делор (ЮНЕСКО) айқындаған мына төмендегі білімнің басты төрт құндылықтарымен анықталады: өмір сүре білуге үйрену; жұмыс жасай алуға үйрену; басқалармен бірге өмір сүре білуді меңгеру; үйрене білуді меңгеру [5]. Бастысы бұл идеялар да білім жүйесінің негізгі «кейіпкерлерінің» үйренушіден өз білімінің параметрлерін, әдістері мен тәсілдерін өздігімен «анықтаушыларға» айналуын көздейді.

Бұл ретте оқу бағдарламаларындағы білімгерлердің өзбетінше білім алуына бағытталған тапсырмалардың үлесінің көп болуы заңдылыққа айналуы тиіс. Олардың ішінде әсіресе жазу жұмыстары жоғарыдан кейінгі басқышта оқитын магистранттар мен докторанттардың ғылыми ізденіс жүргізіп, оқығандарын көңілге тоқып, ой қорыта отырып, оларды жазбаша безендіре білу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Жазу – жаңаны құрастыруға бағытталған шығармашылық әрекет. Жазу үшін түсінік, ой қажет. Тәжірибе көрсетіп отырғандай біздің магистр мен философия докторы дәрежесіне оқып жатқан болашақ мамандарымыз жазуға берілетін тапсырмаларды соншалықты ықыласпен орындай қоймайды. Көбісі табылған мәліметтерді көшіріп, құрастырып, оқытушы берген материалдарды қайталауға машықтанған. Біздің ойымызша, әр пәнде білім алушының жазбаша орындайтын тапсыр-

малары барлық жұмыстардың 70–80% құрауы керек. Тіпті емтихандардың жазбаша жүргізілуі білімді, дамуды, шығармашылықты нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімнің шығармашылық әрекетте өзін-өзі қайта түлетуі немесе өзінің нақты жағдайынан шығу үрдісі «белгісіздікке», болмаса бір шындыққа жанаспайтын мистикалық сфераға шығу емес, психологиялық тұрғыдан алып қарағанда тек «басқа Мен» шеңберіне көтерілуі. Осы «басқа Менді» елестегі немесе «болашақтағы Мен» деп атау қабылданған. Бұл деңгейге көтерілу үшін адамның өзіндік баға беру қабілетінің қалыптасқан болуы басты мәселе. Өзін-өзі бағалауға үйрету рефлексиялық мәдениетті қалыптастырады.

Рефлексиялық мәдениетті біз өмірлік және кәсіби әрекеттегі түйткілді мәселелерді ой елегінен өткізуге, оларды жеңе білуге; ішкі және сыртқы қақтығыстар жағдайынан тиімді шыға алуға; жаңа күштер мен құндылықтарды таба білуге; қалыптан тыс міндеттерді қоя, шеше білуге дайындық деп қабылдаймыз. Рефлексиялық мәдениеті қалыптасқан адам өзінің тұлғалық және кәсіби стереотиптерін шығармашылықпен өзгерте алады. Бұл сапа өзіндік сана, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі талдау, өзін-өзі іске қосу, өзін-өзі бағалау сияқты кәсіби мәнді сапалармен сипатталады. Олар өз кезегінде маманның қызмет барысында табысты болуын қамтамасыз етеді.

Сондықтан болашақ маманның акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың тетіктерінің бірі ретінде әр дәріс, семинар сабақтарда студенттің «бүгін мен не үйрендім?», «оның мен үшін маңызы қандай?», «оны болашақта қалай пайдаланамын?» деген сұрақтарға жауап іздейтін сәттері жоспарлануы, жүзеге асуы тиіс.

Болашақ мұғалімді акмеологиялық деңгейге дайындау пропедевтикалық мәселе. Ал оның алғышарттарының дұрыс жүзеге асырылуы ғалым

В.Н. Максимова сипаттағандай мұғалімнің инновациялық жұмыстарға әзір болуын, кәсіби құзырлылығын, педагогикалық шеберлікпен педагогикалық бағыттылық сияқты сапаларының көрініс беруі [6].

### Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз, бүгінгі таңда белең алып отырған білім сапасының төмендігі, мемлекет тарапынан қаншама реформалар жүргізілгенімен оның нәтижесінің болмауы көп жағдайда білім саласындағы шығармашылықтың бол-

мауынан туындап отыр деп санаймыз. Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие үдерісінде білім алушылардың қызығушылықтарын, талпыныстарын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылықпен еңбек етуге жол ашу болып табылады. Бүгінгі студент орынында отырған тұлғаның ертең білімді ұстаз, тағылымды тәрбиеші, басқадан ойы озық тәлімгер болуы маман болып қалыптасудың баспалдақтарында басталатындығын естен шығарып алмайық.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» // URL: <http://personal.akorda.kz/kz/category/statyi/1352>
2. Деркач А.А. Психология развития и акмеология. – М.: Изд-во Института психологии РАН, 2009. – 400 с.
3. Зазыкин В.Г. Акмеология. – СПб.: ПИТЕР, 2003. – 285 с.
4. Рыбников Н.А. Психология и выбор профессии: Материалы Научного архива РАО, Ф.812 и Ф.49 (Н.А. Рыбников), ОР РГБ, Ф.367.
5. Делор Ж. Образование: необходимая утопия: доклад // «Образование: сокровище»: Доклад Международной комиссии по образованию для XXI века. Издательство ЮНЕСКО, 1996.
6. Максимова В.Н. Формирование профессионально-педагогических умений при подготовке и повышении квалификации учителя: Учеб. пособие – СПб.: Ленингр. Обл. ИУУ, 1994. – 52 с.
7. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында: монография. – Алматы: Полиграф-Сервис баспаханасы, 2012. – 315 б.

### REFERENCES

1. Nazarbayev N.A. «Social Modernization of Kazakhstan: Twenty Steps Towards a Society of Universal Labor» // URL: <http://personal.akorda.kz/kz/category/statyi/1352>
2. Derkach A.A. Psychology of Development and acmeology. – M.: Publishing House of the Institute of Psychology, 2009. – 400 p.
3. Zazykin V.G. Psychology. – SPb.: Peter, 2003. – 285 p.
4. Rybnikov N.A. Psychology and choice of profession: Materials Science archive Russian Academy of Education, F.812 and F.49 (N.A. Rybnikov), Russian State Library. F.367.
5. Delor J. Education: the necessary utopia: // report «Learning: The Treasure»: Report of the International Commission on Education for the XXI century. UNESCO Publishing, 1996.
6. Maksimov V.N. Formation of professional pedagogical skills in the preparation and professional development of teachers: textbook. – SPb.: 1994. – 52 p.
7. Turgynbaeva B.A. Potential development of future teachers: in professional creative way: monograph. Almaty: Polygraph Service Publishers, 2012. – 315 p.

### **ТУРГЫНБАЕВА Б.А. ФОРМИРОВАНИЕ АКМЕОЛОГИЧЕСКОЙ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ**

На современном этапе развития нашей страны реализуется политическая стратегия, определяющая модернизацию всех сфер общества, в том числе и в образовании, в целях воспитания поколения свободных, образованных и творчески мыслящих граждан. На процесс формирования готовности к деятельности оказывает влияние социальное воспитание студентов в вузе.

В статье рассматриваются ключевые проблемы формирования акмеологической готовности будущих педагогов, характеризуются пути их решения.

*Ключевые слова:* акмеология, профессионализм, акмеологический подход, акметехнологии.

### **TURGYNBAEVA B.A. FORMATION OF ACMEOLOGICAL READINESS FUTURE TEACHERS**

At the modern stage of development of our country implemented strategy is implemented, which determines the modernization of all spheres of society, including education, with a view to raise a generation free, educated and creative citizens. On the formation of readiness for activities influenced social education of students at the university.

The article discusses the key problems of formation of acmeological readiness of the future teachers, characterized ways to solve them.

*Keywords:* acmeology, professionalism, acmeological approach, acmetechnologies.

ӘОЖ 378

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА БАҒЫТТЫЛЫҒЫ КӘСІБИ ИДЕАЛҒА ҰМТЫЛЫС ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ**

**Г.К. АХМЕТОВА**

**Д. ЕРТАРҒЫНҚЫЗЫ**

*Мақалада тұлғаның кәсіби бағыттылық формаларына сипаттама берілген. Кәсіби бағыттылық алғашқыда эмоция түрінде көрініп, идеалдар мен сенімге айналатыны көрсетілген. Сонымен қатар, мақалада кәсіби бағыттылықты дамытудың маңызды міндеті — жастарды әр кәсіптің ерекшелігімен, олардың мазмұны туралы толық біліммен қамтамсыз ету, әрбір кәсіптің олардың жеке қасиеттеріне қоятын талаптарымен таныстырумен қатар, таңдап алған кәсібіне деген терең қызығушылығын ояту, маңыздылығын сезіндіру, оның қоғамдық өмірдегі әлеуметтік беделін түсіндіру деп баяндалған.*

*Сондай-ақ мақалада I курс студенті тұлғасының кәсіби бағыттылығын, тұлғалық ерекшеліктерін, кәсіби саланы меңгеруге дайындығын анықтауға мақсатында жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеуге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «Педагогика және психология» мамандықтарының I курс студенттері (61 адам) қатысты. Студент тұлғасының типтері, кәсіби бағыттылық аймағы, терминалдық құндылықтар жүйесі анықталды.*

*Кілтті сөздер:* кәсіби бағыттылық, идеал, кәсіби идеал.

### Кіріспе

Қоғамның әртүрлі саласында адам фактор рөлінің артуы жоғары мектеп түлектерінің кәсіби деңгейіне қойылатын талаптарды күшейтті. Күрделі міндеттерді кәсіби тұрғыда шеше алатын, өз кәсіби іс-әрекетінің нәтижелерін болжап, үлгілей алатын және тәжірибеде қызмет ете алатын жоғары білікті мамандарға сұраныс артуда. Жоғары мектептің әлеуметтік тапсырысын сәтті орындаудың бірден бір шарты бәсекеге қабілетті мамандар дайындау болып табылады. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдері білім беру мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайды. Осыған байланысты, білім берудің негізгі мақсаты болашақ мамандардың алған білімі, білігі мен дағдыларының негізінде, өзін-өзі дамытуға, мағлұматтарды өз бетінше іздеуге, талдауға және ұтымды пайдалануға үйрету болып отыр.

Болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың заманауи мемлекеттік талаптары тұлғаның қалыптасқан кәсіби бағыттылығын талап етеді. Кәсіби бағыттылықтың болмауы немесе деңгейінің төмен болуы мамандарды даярлау сапасына кері әсер етеді.

### Негізгі бөлім

Жоғары мектепте оқу жылдары барысында оқытушылардың, қоғамдық, арнайы және тағы басқа пәндердің әсерінен студенттерде тұлғаның кәсіби бағытталуы дамып, қалыптаса бастайды, яғни студент алған білімін, біліктілігі мен тәжірибесін тандаған кәсіп саласында қолдануға ұмтылады. Тұлғаның кәсіби бағытталуында кәсіпке деген қызығушылық, өз кәсіби деңгейін жетілдіре түсу, кәсіби іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттерін түсініп, іштей қабылдау байқалады. Аталған ерекшеліктер мен компоненттер студенттерде кәсіби бағыттылықтың дамығандығы мен қалыптасқандығын айқындайтын көрсеткіш бола алады [1].

Кәсіби бағыттылық – адамның таңдаған мамандығына көзқарасын сипат-

тайтын, кәсіби іс-әрекетке дайындығы мен оның табыстылығына әсер ететін жеке адамның интегралды қасиеті деп қарастырылады. П.А. Шавирдің берген анықтамасында кәсіби бағыттылықтың жан-жақтылығы жеке адамның жүйесін құрайтын қасиеті ретінде көрсетілген. Оның пікірінше, кәсіби бағыттылық – нақты іс-әрекетті артығырақ көретін мотивтер жүйесі, оның өзі жеке адамның танымдық және құндылық-бағдарлық іс-әрекеті негізінде әсер ететін кәсіби әсерлер жүйесімен қарым-қатынас барысында қалыптасады. Кәсіби бағыттылығы жеке адамның интегралды қасиеті, оның тұлғалық бейнесін құрайтын факторы ретінде түсіну, оны кешенді түрде кәсіби іс-әрекетке қажеттілік, бейімділіктер, кәсіби мұраттар, кәсіби іс-әрекетке деген құндылық бағдарлар және кәсіби іс-әрекетке байланысты дүниетаным компоненттері деп түсіну керек [2].

Бағыттылықтың әлеуметтік мәнін ашқан ғалым Е.А. Смирнованың пікірінше, ол белгілі бір кәсіпке қажеттілік-ниет-мақсат-бағдар-бағыттылық түрінде көрінеді. Ол бағыттылықты көптеген бағыттылық түріне баланатын өте жақсы оқитындықтың саналық көрінісі деп қарастырып, оны дүниетанымдық, адамгершілік принциптеріне, көзқарасқа баламасын қорытындылай келгенде көз жеткізу, сену деп түсіндіреді. Бұл әсіресе, кәсіптің тұқым қуалаушылық дәстүрін жалғастыру тәрізді кәсіптік бағыттылығын қалыптастырудың оң көзқарасын туындатуға өзіндік мән берді [3].

Философиялық еңбектерде жеке тұлғаның бағыттылығы туралы екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарасты қолдаушы ғалымдар жеке тұлғаның бағыттылығын талдай келе, оның бір жақты формасы деп санап, әлеуметтің мазмұнына көңіл аударды. Екінші көзқарастағылар жеке тұлғаның бағыттылығы қоғамдық қарым-қатынас жүйесінде ашылып, оның ішкі, психологиялық бейнесіне зиян келтіреді деген. Философ Н.И. Мака-

ров бағыттылық мәселесін зерттей отырып, бағыттылық индивидтің құндылыққа қатынасы, оның объективтік құндылығы жеке тұлғалық ойы, сапалары деп бағалаған. Бағыттылықты жоғары қажеттілік, әр қилы ниет пен бейімділік тудырады деген. Дегенмен, әлеуметтік ғылымдарда жеке тұлғаның бағыттылығы туралы ілімдердің әдіснамалық негізімен қатар, практикалық құндылығы болады [4].

Психологиялық әдебиеттерде жеке тұлғаның бағыттылығы оның құрылымындағы компонент түрінде қарастырылды. К.К. Платоновтың пайымдауынша, жеке адамның бірінші құрылымында — бағыттылық, қатынастар және моральдық қасиеттер. «Бұл құрылым тәрбиелеу арқылы қалыптасады. Тұтастай алғанда бағыттылық иерархиялы түрде байланысқан бірнеше форманы қамтиды: бағыттылықтың ең қарапайым формасындағы әуестік, ынтаға айналатын тілек, дүниетаным, сенім» [5]. И.Д. Левитов жеке тұлғаның бағыттылығын адамның өмірі мен әрекетіне ықпал ететіндей оның шынайылыққа қатынасы ретінде түсіндіреді [6].

Көптеген ғалым-психологтар, педагогтар және социологтардың зерттеулері кәсіби бағыттылықты қалыптастыруға арналған. Мысалы, А.Е. Голомшток [7], Л.А. Иовайша [8], А.П. Сейтешов [9], К.К. Платонов [5] және т.б. еңбектері. Бұл зерттеулерде студенттердің оқитын пәндері бойынша кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға болатындығы қарастырылған. Бағыттылық жеке тұлғаның ерекшеліктерін тұтастай анықтайтын құрылым болса, онда кәсіби бағыттылық жеке адамның жалпы бағыттылығының құрылымы ретінде болады. К.К. Платонов ішкі талаптардың жай қосындысына әкеп соғатын статистикалық тәсілмен кәсіби бағыттылық түсінігінің еңбек жағдайына байланысты мотивтің тәуелділігін тапты [5]. Осыған сүйене отырып, А.П. Сейтешев тәрбиелеу және тұлғаның жетілу нәтижелігі саналаты-

ны бағыттылық ішкі талаптарының құр механикалық қосындысы емес, адамның жете түсіну мен объективті жағдайдан шығатын тұлғаның біртұтас динамикалық бағыты тәсілін ұсынады [9]. Л.Иовайша өзінің монографиялық еңбегінде мектеп оқушыларының мамандық таңдауының педагогикалық негіздерін айқындай отырып, кәсіби бағыттылықты кәсіби қызығушылық, бейімділік, мотивтердің бір мақсатқа бағытталуынан болады деген [8].

Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды жеке адамның жалпы дамуы тұрғысынан өте терең және жан-жақты зерттеген А.П. Сейтешевтің пікірінше, тұлғаның кәсіби бағыттылығы дегеніміз — жеке адамның маңызды жақтарының бірі, ол оның эмоция-ұстаным-қызығушылық-бейімділік-идеал-сенімдерінен көрінеді [9].

Эмоция танымдық үдерістің бірінші кезеңі. Ол қажеттілік, сезімталдық, уайымдау, тірі эмоционалдық күй формаларында көрінеді. Ұстаным — нақтылы бір шарттарға сәйкес қандай да бір іс-әрекетке дайындық ретінде туындайтын нақтылы бір жағдайдағы тұлғаның динамикалық күйі. Қызығушылық — тұлғаның бағыттылығын анықтайтын қыры болса, бейімділік — тұрақты қызығушылықты құрайтын сапа. Идеал — идеалды іздеу, идеалды бекіту, идеалға ұмтылу іс-әрекетінде көрініс табатын тұлға бағыттылығының негізгі формасы. Идеалдар оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктері негізінде қалыптасады. Идеал — адам мінез-құлқы мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасының үлгілік көрінісі. Кәсіби идеал кәсіби және қоғамдық мазмұнға ие. Кәсіби идеалға кәсіби қызығушылық — болашақ мамандығы туралы ұмтылыс, кәсіби талаптармен танысу және т.б. жатады. Қызығушылықтарын қанағаттандыра отырып, таңдаған мамандығы туралы білім қорларын кеңейтеді. Қоғамдық мазмұнға сананың кәсіби бағыттылығының азаматтық және адамгершілік дамуы жатады.

Кәсіби идеал мен мамандық таңдау арасындағы айырмашылық, идеал – мақсат, ал мамандық таңдау – осы мақсатқа жетудің құралын таңдау, белгілі бір іс-әрекетте өз-өзін дәлелдеу. Идеалды іздеу, таңдау және бекіту оқушы санасында кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың негізгі кезеңін құрайды. Кәсіби идеалдың болуы – саналы, дұрыс, дәл уақытында мамандық таңдаудың алғышарты.

Сендіру тұлға кәсіби бағыттылығының жоғары формасы ретінде іс-әрекетке бағыттылығын анықтау, тәжірибеде таңдалған жолының дұрыстығына көз жеткізу секілді компоненттерден тұрады [9].

Осы кезге дейінгі қалыптасқан теорияларда кәсіби бағыттылық ұғымы екі түрлі мағынада қолданылып келеді. Біріншісі, кәсіби бағыттылық жалпы оқытылатын пәндер және кәсіптік оқытудың мазмұны мен формаларының арнаулы байланысы түрінде қарастыру. Екіншісі, жеке тұлғаның басты сапаларының бірі – кәсіптік іс-әрекетке әлеуметтік және психологиялық бағыттылықты қалыптастыру [10].

Кәсіби бағыттылықты дамытудың маңызды міндеті – жастарды әр кәсіптің ерекшелігімен, олардың мазмұны туралы толық біліммен қаруландыру, әрбір кәсіптің олардың жеке қасиеттеріне қоятын талаптарымен таныстырумен қатар, таңдап алған кәсібіне деген терең қызығушылығын ояту, маңыздылығын сезіндіру, оның қоғамдық өмірдегі әлеуметтік беделін түсіндіру болып табылады. Әсіресе, студенттердің болашақ кәсібіне байланысты мәселелерді шешу барысындағы олардың шығармашылық ой қабілеттерінің маңызы ерекше [11].

М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру болашақ мамандығына жағымды қарым-қатынасын және қызығушылығын тудыру, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін өзінің біліктілігін жетілдіру, материалдық және рухани қажеттілігін өтеу, таңдаған кәсіби еңбегі

бойынша үнемі айналысып отыру деген [12].

Елімізде жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесін зерттеушілерден Н.Д. Хмель [13], И.Ә. Әбеуова [14], А.И. Балабаева [15], Садуова Ж.Н. [16] және т.б. атап кетуге болады.

И.Ә. Әбеуованың зерттеуінде мектеп-интернаттың оқушыларын болашақ мамандығына қызығушылығын оята отырып, оқу пәндері арқылы кәсіби бағыттылықты қалыптастыру көзделіп, оның жүйесі анықталған [14]. А.И. Балабаева педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесін қарастырса, Ж.Н. Садуова жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесін зерттейді.

Студенттердің кәсіби бағыттылығын, тұлғалық ерекшеліктерін, әлеуметтік салаға бейімдігін анықтау мақсатында эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеудің міндеттері: 1) студент тұлғасының кәсіби бағыттылығына байланысты әдебиеттерге теориялық шолу жасау; 2) кәсіби маманға тән маңызды қасиеттерді анықтау; 3) студенттің таңдаған мамандығына сәйкес тұлға бағыттылығын, кәсіби қасиеттерді айқындау. Зерттеуге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Философия және саясаттану факультеті «5В012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «5В010300 – Педагогика және психология» мамандығының 61 студенті қатысты: жастары 17–19, 1 ұл, 60 қыз. Дж. Холландтың кәсіби қалау сауалнамасы, Р. Кеттелдің тұлға сауалнамасы, И.Г. Сениннің терминалдық құндылық сауалнамасы пайдаланылды.

Зерттеудің бірінші кезеңінде студенттердің кәсіби бағыттылығы бағаланды. Ол үшін Дж. Холландтың сауалнамасы жүргізілді. Тұлға типтерінің бөлінуі мынадай нәтиже көрсетті: 68% – әлеуметтік тип, 12% – әртістік тип, 8% –

интеллектуалдық, 7% – конвенционалдық, 5 % – өнеркәсіптік тип. Әлеуметтік тип басымдық танытты.

Екінші кезеңде Р.Кеттелдің 16 факторылы сауалнамасы қолданылып, студенттердің тұлғалық қасиеттері анықталды. Зерттелінуші топта батылдық, өз бетінше шешім қабылдауға қабілеттілік, басқа адамдармен ортақ жұмыс істеуге ұмтылу секілді тұлғалық қасиеттер басымдық танытты.

Үшінші кезеңде студенттің мотивациясы мен олардың көріну аймағы қарастырылды. Терминалдық құндылықтар қоғамдық өмірді жүзеге асыратын белсенді әлеуметтік байланыстар деп аталады. Мұндай мотивация студент тұлғасының кәсіби бағыттылығын қалыптастыру үшін әлеуметтік педагог және педагог-психолог мамандығына сәйкес келеді.

### **Қорытынды**

Осылайша, зерттеу барысында алынған нәтижелер тұлғаның таңдаған мамандығы саласында мотивацияның сәйкес деңгейі, тұлғалық сапалары мен кәсіби бағыттылығы болса, кәсіби маман болады деген болжамды растайды.

Адамның әр түрлі қарапайым қажеттіліктері негізінде құштарлық пайда болады, ол саналы түрде тілекке өтеді. Құштарлықты, тілекті, қалауды қанағаттандыру ерік және эмоционалдық

процестермен байланысты. Тілек алғашқыда эмоционалдық күй ретінде көрінеді, содан соң бұл күй тұрақты болып, іс-әрекеттің мотивіне айналады. Еңбекке, танымға, қарым-қатынасқа ұмтылыс негізінде әртүрлі қызығушылықтар мен бейімділіктер пайда болады. Әртүрлі қызығушылықтар мен бейімділіктердің негізінде дүниетаным мен идеал қалыптасады. Қалыптасқан тұрақты идеалдар, тұлғаның сеніміне айналып, оның бағыттылығын анықтайтын мотив болып табылады. Сенім, бағыттылықтың жоғары формасы бола отырып, өз кезегінде тұлғаның идеялық-әлеуметтік және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді.

Кәсіби бағыттылық – білім алушының арманы мен идеалына сәйкес мамандық таңдауға таңдау және мотивациялық қатынасы болып табылатын тұлғаның жетекші интегралды қасиеті. Кәсіби бағыттылықтың құрылымы оқушының сала, кәсіп немесе мамандық таңдауға байланысты ниеті мен жоспарының мазмұндық жағынан, тұлғаның кәсіпке жарамдылығы (бейімділік пен қабілет) және мотивациялық аймағынан (таңдаудың негіздемесі) тұрады. Осы 3 элементсіз оқушының мамандық таңдауға және кәсіпке ие болуға мақсатты және тұрақты даярлығы жүзеге аса алмайды.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Беркенова Г.С., Айдархан Ж.Ж. Оқу-зерттеу жағдайында білім алушылардың кәсіби бағытталуы // Қостанай мемлекеттік университетінің көп салалы ғылыми журналы – Многопрофильный научный журнал Костанайского государственного университета. – 2013 №2. – 47–49 с.
2. Шавир П.А. Психология профессионального самоопределение в ранней юности. – Тюмень: Изд. ТГУ, 1980. – 86 с.
3. Смирнова Е.А. Моделирование деятельности специалиста на основе комплексного исследования. – Л., ЛГУ, 1984. – с. 14-18.
4. Макаров Н.И. Направленность личности и проблемы ее воспитания. Дисс. канд. пед. наук. – М., 1970. – с. 14-15, 146с.
5. Платонов К.К. Структура и развитие личности. – М.: Наука, 1986. – 254 с.
6. Мерлин В.С. Очерки психологии личности. – Пермь, 1959. – с. 15-39.
7. Голомшток А.Е. Выбор профессии и воспитание личности школьника. – М.: Педагогика, 1979. – 160 с.

8. Иовайша Л.А. Проблема профессиональной ориентации школьников. – М.: Педагогика. 1983. – 128 с.

9. Сейтешов А. П. Новая система воспитания в условиях Казахстана. А.: Ғылым, 2001. – 161с.

10. Балабаева А.И. Педагогикалық практика барысында студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру // Ұлт тағылымы. – 2005. – №3. – Б. 52–55.

11. Дулатова М. Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттердің кәсіби бағыттылығын дамыту мәселелері // Ұлт тағылымы. – 2011. – №2. – 29–31 б.

12. Дьяченко М.И., Кандыбович А.А. Психология высшей школы. – Минск: Изд. БГУ, 1981. – 383 с.

13. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. – Алма-Ата, 1984. – 134 с.

14. Әбеуова И.Ә. Қазақ лицей-интернаты жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. – А., 1996. – 174 б.

15. Балабаева А.И. Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2005. – 158 б.

16. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Түркістан, 2008. – 150 б.

## REFERENCES

1. Berkenova G.S., Aidarkhan L.J. Professional orientation of the student in a teaching and learning // Kostanai State University A.Baitursynov. Multidisciplinary scientific journal. – 2013 №2. – 47–49 p.

2. Shavir P.A. Psychology of professional self-determination in early adolescence. – Tyumen: Publishing Tomsk State University, 1980. – 86 p.

3. Smirnova E.A. Simulation specialist activities in an integrated study. – Leningrad, Leningrad State University, 1984. – p. 14–18.

4. Makarov N.I. Orientation of the person and the problem of its education. Dissertation of the candidate of pedagogical sciences. – M., 1970. – p. 14–15, page 146.

5. Platonov K.K. Structure and development of the individual. – M.: Nauka, 1986 – 254 p.

6. Merlin V.S. Essays on the psychology of personality. – Perm, 1959. – p. 15–39.

7. Golomshtok A.E. Choice of profession and education of the individual student. – M.: Pedagogy, 1979. – 160 p.

8. Iovaysha L.A. The problem of professional orientation of students. – M.: Pedagogy. 1983. – 128 p.

9. Seyteshov A.P. The new system of education in the context of Kazakhstan. A.: Gylym, 2001. – 161p.

10. Balabaeva A.I. Formation of a professional orientation of students during an internship // Property of the nation, 2005, №3, – 52–55 p.

11. Dulatova M. Problems of development of a professional orientation of students in training credit system // Property of the nation, 2011. – №2. – 29–31 p.

12. Dyachenko M.I., Kandybovich A.A. Psychology of higher education. – Minsk: Publishing BSU, 1981. – 383 p.

13. Hmel N.D. Pedagogical process in secondary school. – Almaty, 1984. – 134 p.

14. Abeuova I.A. Formation of a professional orientation of senior pupils Kazakh boarding school. – A., 1996. – 174 p..

15. Balabaeva A.I. Formation of a professional orientation of students during teaching practice. Dissertation of the candidate of pedagogical sciences. – Almaty, 2005. – 158 p.

16. Saduova Zh. N. Formation of a professional orientation of the future teachers by means of a new pedagogical technology. Dissertation of the candidate of pedagogical sciences. – Turkestan, 2008. – 150 p.

*АХМЕТОВА Г.К., ЕРТАРГЫНҚЫЗЫ Д. НАПРАВЛЕННОСТЬ СТУДЕНТОВ К СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЕ КАК ФАКТОР МОТИВАЦИИ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ИДЕАЛУ*

В статье даны описания форм профессиональной направленности личности. Профессиональная направленность показанная вначале как эмоция постепенно трансформируется в идеалы и убеждение. На ряду с этим в статье описывается важная задача профессиональной направленности – обеспечение молодежи полной информацией об индивидуальности каждой профессии и их содержания, ознакомление с требованиями какой либо профессии к их личным качествам, проявление глубокого интереса к выбранной профессии, понимание важности, и объяснение социального статуса в общественной жизни.

Так же в статье представлены результаты исследования направленные на выявление готовности усваивания профессиональной среды, личностных особенностей и профессиональной направленности студента 1 курса. В исследовании приняли участие студенты 1 курсов (61 человек) специальностей «Социальная педагогика и самопознание» и «Педагогика и психология» КазНУ имени аль-Фараби. Определены типы личности студента, регион профессиональной направленности, система терминальных ценностей.

*Ключевые слова:* профессиональная направленность, идеал, профессиональный идеал.

*AKHMETOVA G., YERTARGYNKYZY D. ORIENTATION OF STUDENTS TO THE SOCIAL SPHERE AS A MOTIVATING FACTOR FOR THEIR PROFESSIONAL IDEAL*

The article describes the forms of professional orientation of the person. Professional orientation shown first as an emotion is transformed into ideals and trust. Along with this article describes the important task of professional orientation - providing full information on youth individuality of each profession and their content, familiarization with the requirements of any profession to their personal qualities, the manifestation of a deep interest in their chosen profession, the importance of understanding and explanation of social status social life.

The same article provides results of a study aimed at identifying the willingness of assimilation professional environment, personal features and professional orientation of the 1st year students. The study involved 1 st year students (61 people) Al-Farabi University on a specialty “Social pedagogy and self-knowledge” and “Pedagogy and Psychology”. The types of student’s personality, professional orientation of the region, the system of terminal values.

*Keywords:* professional orientation, ideal, professional ideal.

## БІЗДІҢ АВТОРЛАР

- В.В. ЕГОРОВ *педагогика ғылымдарының докторы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің профессоры*
- Е.Г. ОГОЛЬЦОВА *педагогика ғылымдарының кандидаты, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің аға оқытушысы*
- Г.С. ШАУМЕН *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің (ҚазҰПУ) PhD докторанты*
- Г.А. ҚАСЕН *педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (ҚазҰУ) «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының доценті*
- П.Т. АБДУЛЛАЕВА *педагогика және психология магистрі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының аға оқытушысы*
- А.Ә. БУЛАТБАЕВА *педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының (Қазақстан ПҒА) Бас ғылыми қызметкері*
- И. БАКИРОВ *ҚР ҰҚКР Шекара қызметі Академиясының PhD докторантура тыңдаушысы*
- С.К. МУСИНА *Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы «Қаржы академиясы» АҚ-нің 1 курс магистранты*
- Д.В. ЛЕПЕШЕВ *педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан ПҒА-ның корреспондент мүшесі*
- Н.С. ӘЛҚОЖАЕВА *педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының профессоры*
- К.А. ЕСЕНОВА *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының оқытушысы, 2 курс магистранты*
- Б.Ш. БАЙМҰХАМБЕТОВА *Phd докторы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының (ҚМПИ) ғылым, халықаралық байланыстар және инновациялық даму бөлімінің бастығы*
- Т.И. СМАГЛИЙ *педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ-ның «Психология» кафедрасы меңгерушісі*
- С.А. ЕПИФАНЦЕВ *ҚР Қаржы министрлігінің «Қаржы академиясы» АҚ-нің магистранты*

- Д.В. ИСАЕВ *ҚР Қаржы министрлігінің «Қаржы академиясы» АҚ-нің магистранты*
- А.Б. МУКАШЕВА *педагогика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының профессоры*
- А.А. ШАЙЗАДАЕВА *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 1 курс магистранты*
- З.М. САДВАКАСОВА *педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының доценті*
- Б.С. БАЙМЕНОВА *педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының доцент м.а.*
- Б.Е. ЕСЕНТАЕВ *педагогика магистрі, Оңтүстік Қазақстан облысы Махтарал ауданы М.Есентаев ауылының М. Тоғжігітов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі*
- Г.Н. СТАРЧЕНКО *педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент кафедрасы «Русский язык и литература» ПГПИ*
- Р.С. ҚАСЫМОВА *педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының доценті*
- М.Д. ШАҒЫРБАЕВА *педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Жалпы және этникалық педагогика» кафедрасының аға оқытушысы*
- К.Н. АЛМАНБЕТОВ *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты*
- З.И. ГИРИЧ *педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Херсон мемлекеттік университетінің «Педагогика, психология және білім беру менеджменті» кафедрасының докторанты (Украина, Харьков қаласы)*
- Б.А. ТҰРҒЫНБАЕВА *педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры*
- Г.К. АХМЕТОВА *педагогика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры*
- Д. ЕРТАРҒЫНҚЫЗЫ *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 1 курс PhD докторанты*

## НАШИ АВТОРЫ

- |                     |                                                                                                                                                           |
|---------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| В.В. ЕГОРОВ         | <i>доктор педагогических наук, профессор Карагандинского государственного технического университета</i>                                                   |
| Е.Г. ОГОЛЬЦОВА      | <i>кандидат педагогических наук, старший преподаватель Карагандинского государственного технического университета</i>                                     |
| Г.С. ШАУМЕН         | <i>докторант PhD Казахского национального педагогического университета (КазНПУ) им. Абая</i>                                                              |
| Г.А. КАСЕН          | <i>кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Общая и этническая педагогика» Казахского национального университета (КазНУ) им. аль-Фараби</i>          |
| П.Т. АБДУЛЛАЕВА     | <i>магистр педагогики и психологии, старший преподаватель кафедры «Общая и этническая педагогика» КазНУ им. аль-Фараби</i>                                |
| А.А. БУЛАТБАЕВА     | <i>доктор педагогических наук, Главный научный сотрудник Академии Педагогических Наук Казахстана (АПН Казахстана)</i>                                     |
| И. БАКИРОВ          | <i>слушатель PhD докторантуры Академии пограничной службы КНБ РК</i>                                                                                      |
| С.К. МУСИНА         | <i>магистрант 1 курса АО «Финансовая академия» при Министерстве финансов Республики Казахстан</i>                                                         |
| Д.В. ЛЕПЕШЕВ        | <i>кандидат педагогических наук, профессор, член-корреспондент АПН Казахстана,</i>                                                                        |
| Н.С. АЛГОЖАЕВА      | <i>кандидат педагогических наук, профессор кафедры «Общая и этническая педагогика» КазНУ им. аль-Фараби</i>                                               |
| К.А. ЕСЕНОВА        | <i>магистрант 2 курса, преподаватель кафедры «Общая и этническая педагогика» КазНУ им. аль-Фараби</i>                                                     |
| Б.Ш. БАЙМУХАМБЕТОВА | <i>доктор Phd, начальник отдела науки, международных связей и инновационного развития Костанайского государственного педагогического института (КГПИ)</i> |
| Т.И. СМАГЛИЙ        | <i>кандидат педагогических наук, заведующая кафедрой «Психология» КГПИ</i>                                                                                |
| С.А. ЕПИФАНЦЕВ      | <i>магистрант АО «Финансовая Академия» при Министерстве финансов РК</i>                                                                                   |

|                  |                                                                                                                                                                                      |
|------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Д.В. ИСАЕВ       | <i>магистрант АО «Финансовая Академия» при Министерстве финансов РК</i>                                                                                                              |
| А.Б. МУКАШЕВА    | <i>доктор педагогических наук, профессор кафедры «Общая и этническая педагогика» КазНУ им. аль-Фараби</i>                                                                            |
| А.А. ШАЙЗАДАЕВА  | <i>магистрант 1 курса КазНУ им. аль-Фараби</i>                                                                                                                                       |
| З.М. САДВАКАСОВА | <i>кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Общая и этническая педагогика» КазНУ им. аль-Фараби</i>                                                                             |
| Б.С. БАЙМЕНОВА   | <i>кандидат педагогических наук, и.о. доцента кафедры «Социальная педагогика и самопознание» Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева</i>                           |
| Б.Е. ЕСЕНТАЕВ    | <i>магистр педагогики, учитель истории средней школы им. М.Тогжигитова, село М.Есентаева Махтаральского района Южно-Казахстанской области</i>                                        |
| Г.Н. СТАРЧЕНКО   | <i>кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Русский язык и литература» ПГПИ</i>                                                                                                 |
| Р.С. КАСЫМОВА    | <i>кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Общая и этническая педагогика» КазНУ им. аль-Фараби</i>                                                                             |
| М.Д. ШАГЫРБАЕВА  | <i>кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры «Общая и этническая педагогика» КазНУ им. аль-Фараби</i>                                                              |
| К.Н. АЛМАНБЕТОВ  | <i>магистрант 2 курса КазНПУ им. Абая</i>                                                                                                                                            |
| З.И. ГИРИЧ       | <i>кандидат педагогических наук, доцент, докторант кафедры «Педагогика, психология и образовательный менеджмент» Херсонского государственного университета (Украина, г. Харьков)</i> |
| Б.А. ТУРГЫНБАЕВА | <i>доктор педагогических наук, профессор КазНПУ им. Абая</i>                                                                                                                         |
| Г.К. АХМЕТОВА    | <i>доктор педагогических наук, профессор КазНУ им. аль-Фараби</i>                                                                                                                    |
| Д. ЕРТАРГЫНКЫЗЫ  | <i>докторант PhD 1 курса КазНУ им. аль-Фараби</i>                                                                                                                                    |

## НАШИ АВТОРЫ

- |                      |                                                                                                                                                               |
|----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| V.V. EGOROV          | <i>Doctor of Pedagogical sciences, professor of Karaganda State Tehnical University</i>                                                                       |
| E.G. OGOLSTOVA       | <i>Candidate of Pedagogical sciences, senior lecturer of Karaganda State Tehnical University</i>                                                              |
| G.S. SHAUMEN         | <i>PhD student of the Kazakh National Pedagogical University n.a. Abay</i>                                                                                    |
| G.A. KASEN           | <i>Candidate of Pedagogical sciences, Associate Professor of Department «General and ethnic pedagogic» of Al-Farabi Kazakh National university</i>            |
| P.T. ABDULLAEVA      | <i>Master of speciality “Pedagogica and Psychology”, senior lecturer of Department «General and ethnic pedagogic» of Al-Farabi Kazakh National university</i> |
| A.A. BOULATBAEVA     | <i>Doctor of Pedagogical sciences, Head resercher of Academy of Pedagogical Siences of Kazakhstan</i>                                                         |
| I. BAKIROV           | <i>listener PhD doctoral student of the Academy of Frontier Service the National Security Committee of the RK</i>                                             |
| S.K. MUSSINA         | <i>Master of first course of Finance Academy, Ministry of Finance of the RK</i>                                                                               |
| D.V. LEPESHOV        | <i>Candidate of Pedagogical sciences, Professor, corresponding member of Academy of Pedagogical Siences of Kazakhstan</i>                                     |
| N.S. ALGOZHAEVA      | <i>Candidate of Pedagogical sciences, Professor of Department «General and ethnic pedagogic» of Al-Farabi Kazakh National university</i>                      |
| K.A. ESSENOVA        | <i>Master of second course, teacher of Department «General and ethnic pedagogic» of Al-Farabi Kazakh National university</i>                                  |
| B.Sh. BAIMUHAMBETOVA | <i>Phd, head of the Department of science, international relations and innovation development of Kostanay State Pedagogical Institute</i>                     |
| T.I. SMAGLIY         | <i>Candidate of Pedagogical sciences, head of department «Psychology» of Kostanay State Pedagogical Institute</i>                                             |
| S.A. EPIFANTSEV      | <i>Master of Finance Academy, Ministry of Finance of the RK</i>                                                                                               |

|                  |                                                                                                                                                                                                                    |
|------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| D.V. ISSAEV      | <i>Master of Finance Academy, Ministry of Finance of the RK</i>                                                                                                                                                    |
| A.B. MUKASHEVA   | <i>Doctor of Pedagogical sciences, Professor of Department «General and ethnic pedagogic» of Al-Farabi Kazakh National university</i>                                                                              |
| A.A. SHAIZADAEVA | <i>Master of first course of Al-Farabi Kazakh National university</i>                                                                                                                                              |
| Z.M. SADVAKASOVA | <i>Candidate of Pedagogical sciences, Professor of Department «General and ethnic pedagogic» of Al-Farabi Kazakh National university</i>                                                                           |
| B.S. BAIMENOVA   | <i>Candidate of Pedagogical sciences, officiating Associate Professor of Department «Social Pedagogy and self-knowledge» of L.N. Gumelev Eurasian National University</i>                                          |
| B.E. ESSENTAEV   | <i>Master of Pedagogics, teacher of history in secondary school n.a. M.Togjigitova, village M.Esentaev, Mahtaral locality, South-Kazakhstan region</i>                                                             |
| G.N. STARCHENKO  | <i>Candidate of Pedagogical sciences, Associate Professor of Department «Russian language and literature» PGPI</i>                                                                                                 |
| R.S. KASSIMOVA   | <i>Candidate of Pedagogical sciences, Associate Professor of Department «General and ethnic pedagogic» of Al-Farabi Kazakh National university</i>                                                                 |
| M.D. SHAGIRBAEVA | <i>Candidate of Pedagogical sciences, senior lecturer of Department «General and ethnic pedagogic» of Al-Farabi Kazakh National university</i>                                                                     |
| K.N. ALMANBETOV  | <i>Master of second course of Kazakh National Pedagogical University Abai</i>                                                                                                                                      |
| Z.I. GIRICH      | <i>Candidate of Pedagogical sciences, Associate Professor, listener PhD doctoral student of Department «Pedagogica, Psychology and educational management» of Kherson State University (Ukraine, Kharkov city)</i> |
| B.A. TURGINBAEVA | <i>Doctor of Pedagogical sciences, Professor of Kazakh National Pedagogical University Abai</i>                                                                                                                    |
| G.K. AKHMETOVA   | <i>Doctor of Pedagogical sciences, Professor of Al-Farabi Kazakh National university</i>                                                                                                                           |
| D. ERTARGYNKYZY  | <i>PhD doctoral student first course of Al-Farabi Kazakh National university</i>                                                                                                                                   |